



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**«Ақ жол» ҚДП  
фракциясының депутаттарына***2021 жылғы 3 маусымдағы  
№ ДЗ-208***Құрметті депутаттар!**

Балалардың жазғы сауықтыру мекемелерін ашу жөніндегі сауалға қатысты мынаны хабарлаймын.

«2020-2023 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкіміне сәйкес ағымдағы жазғы маусымда 200 мыңнан астам баланы қамтитын 235 қала сыртындағы лагерьдің (143 мемлекеттік, 92 жеке меншік) жұмысы жоспарланған.

Балаларды сауықтыру лагерлерінің жұмысы 2021 жылғы 3 мамырдан бастап ресми түрде рұқсат етілген (Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №17 қаулысы). Бұл ретте олардың қызметі әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемшарттарымен айқындалған, оған сәйкес «жасыл» аймақта балаларды сауықтыру ұйымдары шектеусіз, толымдылығы 50%-ды құрайтын «сары» аймақта, 30% - ды құрайтын «қызыл» аймақта жұмыс істейді.

Барлық жерде балаларды сауықтыру ұйымдары (жыл бойғы ұйымдарды қоспағанда) сауықтыру маусымы басталғанға дейін объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы нормаларына сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алуға міндетті.

Шектеу іс-шараларын енгізу кезеңінде бірыңғай талаптар ретінде Меншік нысанына қарамастан балаларды сауықтыру лагерлері қызметінің, оның ішінде карантиннің алгоритмі бекітілді (ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 26 мамырдағы № 24 қаулысы).

Жазғы демалыс кезеңінде балалардың жазғы демалысын және сауықтырылуын ұйымдастыруда нақты ұсынымдар мен бірыңғай тәсілдерді әзірлеу мақсатында ағымдағы жылдың сәуір-мамыр айларында балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдардың, облыстардың білім басқармаларының, «Атамекен» ҰКП-ның, балалар-жасөспірімдер туризмі мен демалысының республикалық қауымдастығының қатысуымен бекіту кеңестерін өткізді. Осы кеңестердің

қорытындылары бойынша ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды, тиісті ұсынымдар әзірленді.

2021 жылғы 15 маусымдағы жағдай бойынша қала сыртындағы 109 лагерь жұмысын бастады, оның ішінде мемлекеттік -75, жекеменшік - 32, сенімгерлік басқаруда - 2 (*Атырау - 3, Ақмола - 9, Ақтөбе - 7, Алматы - 3, ШҚО - 16, Маңғыстау - 2, Жамбыл - 7, БҚО - 4, Қостанай - 9, Қызылорда - 8, Павлодар - 7, СҚО - 10, Түркістан - 16, Нұр-Сұлтан - 2, Алматы - 4, Шымкент - 2*). Санитариялық – эпидемиологиялық қызметтердің рұқсатын алған объектілердің тізбесі Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің интернет-ресурсында орналастырылады және апта сайын жаңартылып отырады. Қала сыртындағы лагерьлерді кезең-кезеңмен ашу жалғасуда.

Бұдан басқа, 2021 жылдың 6 айында 7087 бала сауықтырудан өткен «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығының, «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының жыл бойғы лагерьлері жұмысын жалғастыруда.

Қашықтықтан оқыту кезеңінде мектеп материалдарын игерудегі олқылықтардың орнын толтыру үшін барлық өңірлерде жазғы мектептер ұйымдастырылды. Бұл мектептермен қамту 1 миллионнан астам баланы құрады.

Лагерьлерді ашу/жабу туралы шешімді нақты өңірдің қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайын ескере отырып, санитариялық - эпидемиологиялық қызметтер қабылдайтынын атап өткен жөн. Мысалы, қолайсыз жағдайға байланысты Қарағанды облысында 339 сауықтыру алаңдарының жұмысы тоқтатылды, 9 өңірде 613 шатырлы, киіз үй, өлкетану, спорт лагерьлерінің жұмысы тоқтатылды (*БҚО, Ақтөбе, Алматы, ШҚО, Қарағанды Түркістан, Маңғыстау облыстарында және Шымкент, Нұр-Сұлтан қалаларында*).

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, олардың денсаулығын сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Е. Тоғжанов**

**Депутатам фракции  
ДПК «Ақ жол»**

*На № ДЗ-208  
от 3 июня 2021 года*

**Уважаемые депутаты!**

Относительно запроса по открытию летних детских оздоровительных учреждений сообщая следующее.

В соответствии с распоряжением Премьер-Министра Республики Казахстан «Об организации оздоровительного отдыха, досуга и занятости детей в период летних каникул на 2020-2023 годы» в текущем летнем сезоне запланирована работа 235 загородных лагерей (143 государственных, 92 частных) с охватом более 200 тысяч детей.

Работа детских оздоровительных лагерей с 3 мая 2021 года официально разрешена (постановление Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 30 апреля 2021 года №17). При этом их деятельность определена Критериями ограничения работы социально-экономических объектов согласно которым в «зеленой» зоне детские оздоровительные организации работают без ограничений, в «желтой» при заполняемости 50 %, в «красной» – 30%.

Повсеместно, детские оздоровительные организации (за исключением круглогодичных) обязаны до начала оздоровительного сезона получить санитарно-эпидемиологическое заключение о соответствии объекта нормам санитарно-эпидемиологического благополучия населения.

В качестве единых требований на период введения ограничительных мероприятий утвержден Алгоритм деятельности детских оздоровительных лагерей независимо от форм собственности, в том числе карантина (Постановление Главного государственного санитарного врача РК от 26 мая 2021 года № 24).

С целью выработки четких рекомендаций и единых подходов в организации летнего отдыха и оздоровления детей в период летних каникул в апреле-мае т.г. уполномоченным органом в сфере охраны прав детей проведены установочные совещания с участием заинтересованных государственных органов, управлений образования областей, НПП «Атамекен», республиканской ассоциации детско-юношеского туризма и отдыха. По итогам данных совещаний создана межведомственная рабочая группа, выработаны соответствующие рекомендации.

По состоянию на 15 июня 2021 года начали работу 109 загородных лагерей, в том числе государственных - 75, частных - 32, в доверительном управлении - 2 (в Атырауской - 3, Акмолинской - 9, Актюбинской - 7, Алматинской - 3, ВКО - 16, Мангистауской - 2, Жамбылской - 7, ЗКО - 4, Костанайской - 9, Павлодарской - 7, Кызылординской - 8, СКО - 10, Туркестанской областях- 16, гг. Нур-Султан -2, Алматы - 4, Шымкент - 2). Перечень объектов, получивших разрешение санитарно-

эпидемиологических служб размещаются и еженедельно обновляются на интернет ресурсе Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения. Поэтапное открытие загородных лагерей продолжается.

Кроме того, продолжают работу круглогодичные лагеря Национального научно-практического, образовательного и оздоровительного центра «Бобек», Республиканского учебного оздоровительного центра «Балдаурен» в которых за 6 месяцев 2021 года прошли оздоровление 7087 детей.

Для восполнения пробелов в усвоении школьного материала в период дистанционного обучения во всех регионах организованы летние школы. Охват данными школами составил более 1 миллиона детей.

Следует отметить, что решения об открытии/закрытии лагерей принимаются санитарно - эпидемиологическими службами с учетом сложившейся эпидемиологической ситуации конкретного региона. Например, в связи с неблагоприятной ситуацией в Карагандинской области приостановлена работа 339 оздоровительных площадок, в 9 регионах приостановлена работа 613 палаточных, юрточных, краеведческих, спортивных лагерей (ЗКО, Актюбинской, Алматинской, ВКО, Карагандинской, Туркестанской, Мангистауской областях и в городах Шымкент, Нур-Султан).

Организация летнего отдыха детей, сохранность их здоровья и обеспечения безопасности находятся на постоянном контроле Правительства.

**Е. Тугжанов**